

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

12 мамыр 2023 жыл

KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың сәуірдегі жұмысының қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылдың сәуіріндегі қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE сауда-саттығының жиынтық көлемі 2023 жылдың сәуірінде 28,0 трлн теңгені құрады және наурыз айына қатысты 15,9 %-ға немесе 3,8 трлн теңгеге өсті.
- Сәуір айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 6,2 %-ға өсіп, 3 559,90 тармақты құрады.
- Сәуір айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 5,7 %-ға 22,8 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,9 %-ға 13,4 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2023 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 222 эмитенттің 602 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2023 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 680 мың дербес қосалқы шоттары болды. Сәуір айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 3 мыңнан астам жаңа дербес қосалқы шоттарын тіркеді.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

Сәуір айында KASE қатысуымен бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- Global Money Week жастар мен балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі дүниежүзілік жаһандық бағдарлама шеңберінде KASE жыл сайынғы "Биржалық симулятор" конкурсының 15-ші онлайн ашылу рәсімі өтті.
- KASE Қазақстан машина жасаушылар одағының өкілдерімен "KASE-ге қаржыландыруды тарту" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.
- "Эмитент күні" жобасы аясында KASE-де инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және "Кселл" АҚ басшылығымен "Төртінші тоқсандағы және 2022 жылдағы қаржылық нәтижелер" тақырыбында және "Форпост" ЖШС-мен "Форпост" ЖШС-нің долларлық облигацияларын шығару" тақырыбында онлайн-кездесулер өтті.
- Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық шеңберінде KASE Қазақстан-Неміс университеті мен М.Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің студенттеріне арналған таныстыру семинарларын өткізді. Іс-шаралар қор нарығының негіздері туралы, сондай-ақ KASE Mobile мобильді қосымшасын пайдалану және "Биржалық симулятор" жобасы туралы ақпарат беруге бағытталған.
- KASE стратегиялық сессия өткізді, оған KASE Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесінің стратегия комитетінің сарапшылары, "KASE клирингтік орталығы" АҚ Басқарма Төрағасы және IT KASE бойынша басқарушы директор қатысты. Іс-шара шеңберінде ағымдағы экономикалық сын-тегеуріндер, қаржылық қызметтерді цифрландыру және биржалық бизнесті дамыту контекстінде KASE дамыту перспективалары талқыланды.

- KASE "Өзбек Республикалық валюта биржасы" АҚ және "Тошкент" республикалық қор биржасы" АҚ көмегімен Өзбекстан Республикасында "KASE Day in Tashkent" өткізді. Іс-шара мүшелік алу мүмкіндіктері, өзбек компаниялары үшін қазақстандық қор нарығында қаржыландыруды тарту шарттары және KASE нарықтарында уақытша бос қаражатты инвестициялау туралы ақпарат беруге бағытталған.

KASE және Green Investment Group (GIG) өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасасты, оның мақсаты Қазақстанның қор нарығында орнықты даму қағидаттарын дамыту және енгізу болып табылады.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2023 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 22,8 трлн теңгені (50,0 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың ұқсас көрсеткішінен 1,2 трлн теңгеге немесе 5,7 %-ға жоғары. Өсудің негізгі үлесі индекстік компанияларға, олардың акцияларының бағасын түзету арқылы, тиесілі болды.

Сәуір айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 88 эмитенттің 102 атаудағы акциялары болды, оның ішінде үш эмитенттің үш атаудағы акциялары "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Сәуір айында акциялармен сауда-саттық көлемі 42,1 млрд теңгені құрады, бұл наурызға қарағанда 2,7 есе немесе 26,2 млрд теңгеге жоғары. Мәмілелер саны 45,7 %-ға өсіп, 62 243-ке жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 2 103,7 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 3 112 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 676,0 мың теңгені құрады. Сәуір айында акциялардың сауда-саттығы тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінің 41,9 %-ы тиесілі болды. Банктердің үлесіне 2,9 %, брокер-дилерлерге – 8,5 %, басқа институционалдық инвесторларға – 5,8 %, басқа заңды тұлғаларға – 40,9 % тиесілі болды. Резидент участистердің қатысуы 39,1 %-ға бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

Сәуір айында KASE Индексінің мәні 6,2 %-ға өсіп, айдың соңына қарай 3 559,90 тармақты құрады. Айдың қорытындысы бойынша индекстік қоржыңның тоғыз өкілінің сегізі жасыл аймақта жабылды. Көптеген компаниялар 2022 жылға дивидендтік төлемдердің алдын-ала мөлшерін жариялады, сонымен қатар 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы нәтижелерді ұсынды.

2023 жылдың сәуірде индекстік акциялармен жасалған мәмілелер көлемі 40,5 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың наурызындағы көрсеткіштен 2,7 есе немесе 25,5 млрд теңгеге жоғары.

Сауда-саттықтың ең көп көлемі– 36,1 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 89,1 %) "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның жай акцияларына келді

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңгемен			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.05.23 ж.б.	01.04.23 ж.б.	Δ, %	сәуір	наурыз	Δ
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	754,99	640,03	+18,0	179,0	499,3	+320,4
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	156,00	136,86	+14,0	1 263,8	1 601,4	+337,6
"ҚазМұнайГаз" ҰК " АҚ	KMGZ	10 129,00	9 320,00	+8,7	10 752,6	36 091,1	+25 338,5
АҚ Kaspi.kz	KSPI	37 000,00	34 702,66	+6,6	208,2	219,8	+11,6
"Kcell" АҚ	KCEL	1 872,11	1 790,00	+4,6	1 043,1	1 120,7	+77,6
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	29 999,36	29 034,00	+3,3	187,5	305,8	+118,3
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	685,00	680,00	+0,7	944,0	204,9	-739,1
"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ	KZAP	13 438,99	13 386,99	+0,4	370,4	359,5	-10,9
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 618,00	1 618,02	-<0,1	105,3	124,2	+19,0

* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Айдың қорытындысы бойынша өсім көшбасшысы "ҚазТрансОйл" АҚ-ның бағасына 18,0 % қосқан жай акциялары болды. 13 сәуірде "ҚазТрансОйл" АҚ Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтер төлеуге 15 млрд теңге немесе бір акцияға 39 теңгеден жіберуді ұсынды. Акционерлердің жылдық жиналысы 2023 жылдың 24 мамырына белгіленді. 26 сәуірде "ҚазТрансОйл" АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанында өндірістік нәтижелерге қол жеткізді, оған сәйкес магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды жеке тасымалдау көлемі 5 %-ға 10,3 млн тоннаға дейін өсті, оның ішінде мұнай өңдеу зауыттарына 4,3 млн тонна жеткізілді. Сонымен қатар, компания "Астрахань-Маңғышлақ" магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту" жобасын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Өсу қарқыны бойынша екінші орында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның жай акциялары 14,0 %-ға өсті. "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның жай акциялары жасыл аймақта үшінші ай қатарынан жабылып, 2022 жылдың ақпан айына дейін қалпына келді. Банктің Директорлар кеңесі 2023 жылдың 24 сәуірінде бір акцияға 25,38 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды.

Үшінші орында акцияларының 8,7 %-ға өсуімен "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жайғасыты. Корпоративтік уақиғалардан 10 сәуірде "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ Директорлар кеңесі 2025 жылға дейін 4,75 %-бен орналастырылған 500,9 млн АҚШ доллары сомасына өзінің халықаралық облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдады. 26 сәуірде мерзімінен бұрын өтеу толық көлемде жүзеге асырылды.

Kaspi.kz АҚ жай акциялары айдың қорытындысы бойынша 6,6 % қосты. 10 сәуірде Kaspi.kz АҚ акционерлерінің жылдық жиналысы 2022 жылдың төртінші тоқсанына бір акцияға 600 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. Бұған дейін Kaspi.kz екінші тоқсанда бір акцияға 500 теңге және үшінші тоқсанда бір акцияға 600 теңгеден төлеген. 2022 жылға төленген дивидендтердің жиынтық сомасы 1 700 теңгені құрады. 24 сәуірде Kaspi.kz АҚ 2023 жылдың бірінші тоқсанына есеп берді, оған сәйкес таза пайда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 52 %-ға өсті. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі жай акциялар бойынша бір акцияға 750 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды.

"Kcell" АҚ және "Қазақтелеком" АҚ телекоммуникациялық компанияларының акциялары бір айда тиісінше 4,6 % және 3,3 %-ға өсті. "Қазақтелеком" АҚ 27 сәуірде жылдық есептілікті жариялады, оған сәйкес оператордың 2022 жылдағы таза пайдасы 97-ден 128,7 млрд теңгеге дейін 32,6 %-ға өсті. Таза пайданы бөлу тәртібі бекітілетін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2023 жылдың 30 мамырында өтеді.

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ-ның жай акциялары айдың қорытындысы бойынша іс жүзінде өзгерген жоқ – өсім 0,4 % құрады. 07 сәуірде "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ Директорлар кеңесі жай акциялар бойынша бір акция үшін 774,88 теңге немесе 200,97 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды. 28 сәуірде компания 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы операциялық қызметтің нәтижелерін жариялады, оған сәйкес өндіріс көлемі 4 %-ға 4,7 мың тоннаға дейін төмендеді, сату көлемі 2,4 есе 6,1 мың тоннаға дейін өсті, сатудың орташа бағасы уранның бір унциясы үшін 19 %-ға 46,75 долларға дейін өсті. 12 сәуірде "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ ағымдағы жылы уран экспорты үшін үшінші бағыт ашуды жоспарлап отырғанын хабарлады. Ресей мен Каспий және Қара теңіз арқылы жеткізілімге Қытай порттарының бірі арқылы маршрут қосылады.

"KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың сәуір айының соңында "KASE Global" секторындағы Биржаның сауда тізімдерінде 44 атаудағы және шетелдік эмитенттердің 12 ETF акциялары болды.

2023 жылдың сәуір айында "KASE Global" секторында жалпы сомасы 1,2 млрд теңгеге мәмілелер жасалды, бұл наурыздың ұқсас көрсеткішінен 30,0 %-ға немесе 524,1 млн теңгеге төмен. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 61,0 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 213, бір мәміленің орташа көлемі – 286,8 мың теңгені құрады.

Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі келесі акцияларға келді:

- Intel Corporation – жалпы сомасы 164,5 млн теңгеге 359 мәміле;
- Tesla, Inc. – жалпы сомасы 156,0 млн теңгеге 633 мәміле
- Bank of America Corporation – жалпы сомасы 119,7 млн теңгеге 517 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде жеке тұлғалардың үлесіне 57,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 27,7 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 14,7 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,5 %-ға бағаланады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2023 жылдың сәуірінде айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 0,9 %-ға немесе 123,0 млрд теңгеге 13,4 трлн теңгеге (29,4 млрд USD) дейін өсті.

2023 жылдың сәуір айының соңында KASE ресми тізімінде 89 эмитенттің 363 корпоративтік облигациялар шығарылымы болды. Сәуір айында KASE ресми тізіміне 10 эмитенттің 10 облигациялар шығарылымы (бесеуі жаңа) енгізілді: "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, "АРКАДА ИНДАСТРИ" ЖШС, "Finaccord Limited" жеке компаниясы, "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ, "Магистральный" Су құбыры" ЖШС, "Форпост" ЖШС, "Express Finance Group" Микроқаржы ұйымы" ЖШС, "TAS FINANCE GROUP" Микроқаржы ұйымы" ЖШС (TAS Finance Group) және "ID Collect (АйДи Коллект)" коллекторлық агенттігі" ЖШС бір-бір шығарылымы.

Сәуір айында KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 6 б.т. өсті және айдың соңында жылдық 13,71 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі наурызға қарағанда 29,2 %-ға немесе 49,9 млрд теңгеге 220,4 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 11,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 4,5 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 159 мәмілені (қайталама нарықта – 138 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 69,1 млн теңгені (қайталама нарықта – 32,9 млн теңге) құрады.

2023 жылдың сәуірінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 129,9 млрд теңгені құрады, бұл наурыз айындағы көрсеткіштен 9,0 %-ға немесе 12,8 млрд теңгеге төмен:

- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 18,25-18,60 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 2,9-6,8 жыл облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 25,7 млрд теңге тартты;
- "Home Credit Bank" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 18,00 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 1,8 жыл облигацияларды орналастыра отырып, 5,7 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ жылдық облигацияларды жылдық 15,25 %-бен орналастыра отырып, 4,0 млрд теңге тартты;
- "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ облигациялардың екі шығарылымын орналастырды және:
 - жылдық 10,00%-бен бір жылдан кем өтеуге дейінгі мерзімімен 3,5 млн АҚШ долларын (баламасы 1,6 млрд теңге) тартты,
 - өтеуге орташа сараланған кірістілігі 21,00 % және өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан кем облигацияларды орналастыра отырып, 2,7 млрд теңге тартты;
- "Форпост" ЖШС бір жылдық облигацияларды жылдық 10,75 % - бен орналастыра отырып, 1,1 млн АҚШ долларын (баламасы 502,5 млн теңге) тартты;
- "Birinshi Lombard" ЖШС (Бірінші Ломбард) екі жылдық облигацияларды жылдық 24,00 % - бен орналастыра отырып, 100,0 млн теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 7,0 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 16,2 %, өзге заңды тұлғалардың – 73,2%, жеке тұлғалардың – 2,8 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 69,4 % құрады.

Наурызға қатысты корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 3,2 есеге немесе 62,6 млрд теңгеге 90,5 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 0,1 %-дан кем, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 7,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 12,2 %, өзге заңды тұлғалардың – 68,3 %, жеке тұлғалардың үлесі – 12,4 %-дан кем болды. Бейрезиденттердің үлесі 18,9 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы сәуір айында 2,0 % - ға немесе 446,2 млрд теңгеге ұлғайып, 23,2 трлн теңгені (50,9 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 860,3 млрд теңгені құрады және Наурызға қатысты 86,5 % - ға немесе 399,0 млрд теңгеге өсті. 2023 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 43,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 9,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 24 (қайталама нарықта – 14), бір мәміленің орташа көлемі – 1,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,7 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда көлемі 96,8 % - ға немесе 334,1 млрд теңгеге 679,2 млрд теңгеге дейін өсті. Оның 6,6 млрд теңгесін Батыс Қазақстан облысының әкімдігі жылдық 0,35-4,25 %-бен (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі орташа алынған кірістілігі жылдық 11,60–17,71 % (жылдық 11,60-17,78 %) 672,6 млрд теңге тартып, өтелгенге дейінгі мерзімі 0,9 жылдан 13,8 жылға дейінгі 13 шығарылымды орналастырды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 33,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 4,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 54,7 %, басқа заңды тұлғалардың – 7,6 %, жеке тұлғалардың – 0,1 %-дан кем болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 55,9 % - ға немесе 64,9 млрд теңгеге 181,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 56,2 % немесе 101,7 млрд теңгені құрады, оның ішінде МЕКАМ үлесі – 31,7 % немесе 57,4 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,1 % немесе 0,2 млрд теңгені құрады. 12,0 % (21,7 млрд теңге) құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ Қаржы министрлігінің, Оман Сұлтандығының облигациялары, Түркия Республикасы мен Австрия Республикасының облигациялары) мәмілелерге келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне – 32,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 3,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 13,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 49,0 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,1 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 6,9 % - ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымының 52 облигация шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 25 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 14 шығарылымы және халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) екі шығарылымы. Есепті айда ресми тізімге Азия Даму Банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 22,8 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың наурыз айының қорытындысы бойынша нәтижеден 59,9 % - ға немесе 34,1 млрд теңгеге төмен.

Бастапқы орналастыру көлемі сәуір айында 2023 жылдың наурызына қарағанда 75,7 % - ға немесе 41,5 млрд теңгеге төмен. Бастапқы нарықта Азия Даму Банкі 7,6 жыл өтелгенге дейінгі мерзіммен жылдық 14,10 %-бен халықаралық облигацияларды орналастыра отырып, 13,3 млрд теңге тартты. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі 50,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 50,0 % құрады.

Қайталама нарықта сауда көлемі 9,5 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылдың наурызына қарағанда 4,7 есе немесе 7,5 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде есепті кезеңде жеке тұлғалардың шоттарына 1,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,0 %, институционалдық инвесторлардың үлесі – 47,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі – 50,4 % құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 47,8 % - ға бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2023 жылдың 01 мамырында "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты басқарушы компания басқаратын пай қорларының 18 құралы мен алты ETF болды.

Есептік айда сауда-сттық көлемі 644,4 млн теңгені құрады және 2023 жылдың наурызына қатысты 26,5 % - ға немесе 232,1 млн теңгеге төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 20,4 % – жеке тұлғаларға, 7,5 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға және 72,1 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 36,9 % - ға бағаланады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2023 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары базалық активтері болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ГДР) болды.

2023 жылдың сәуіріндегі сауда-саттық көлемі 170,9 млн теңгені құрады және 2023 жылдың наурызына қарағанда 135,7 млн теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 48,1 % жеке тұлғалардың шоттарына, 46,9 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 0,4 % – басқа институционалдық инвесторларға және 4,7 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2023 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 680 мың дербес қосалқы шоттары болды. Сәуір айының қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 3 мыңнан астам жаңа дербес қосалқы шоттарын тіркеді.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың сәуір айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE 30 мүшесі қатысты.

Сәуір айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі наурызға қарағанда 49,4 % - ға немесе 854,7 млрд теңгеге 2,6 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 129,2 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 462, бір мәміленің орташа көлемі – 279, млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық валютаның бірлігіне баға белгіленетін валютаның мин. Және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағамы (өзге. %)
USD/KZT	3 457,15 (+1,2 %)	60,4 % (-28,5 %)	7 653 (+216)	442,90 – 459,40	453,21 (+0,1 %)
RUB/KZT	19 761,70 (+10,4 %)	4,3 % (-1,8 %)	944 (+63)	5,3576 – 5,8441	5,5935 (-4,7 %)
CNY/KZT	86,16 (-69,9 %)	0,2 % (-0,9 %)	155 (-6)	64,6400 – 66,5300	65,4100 (-0,5 %)
EUR/KZT	85,28 (+8,3 %)	1,6 % (-0,5 %)	256 (-23)	484,06 – 504,79	498,65 (+1,2 %)
EUR/USD	1 675,80 (x91,6)	32,3 % (+31,8 %)	207 (+190)	1,0794 – 1,1066	1,1001 (+1,6 %)

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық валютаның бірлігіне баға белгіленетін валютаның мин. Және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағамы (өзге. %)
USDCNY	63,53 (+43,6 %)	1,1 % (-0,1 %)	23 (-3)	6,8510 – 6,9280	6,9265 (+0,9 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Сәуір айында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 24,2 трлн теңгені құрап, наурыздың көрсеткішіне қатысты 11,7 % - ға немесе 2,5 трлн теңгеге өсті.

07 сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 16,75 % деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады, тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 17,75 %, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 15,75 % құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын `mm_index` ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 39 б.т. - ға жылдық 16,95 %-дан 16,56 % - ға дейін төмендеді.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі сәуір айында 19,6 трлн теңгені құрады, бұл наурыз көлемінен 2,7 трлн теңгеге немесе 15,9 % - ға артық. Орташа тәуліктік мәнде операциялар көлемі 980,7 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 1 333, бір мәміленің орташа көлемі – 735,8 млн теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 15,5 трлн теңгені немесе репо мәмілелерінің көлемінің 79,2 %, ББҚ-мен авторепо – 4,1 трлн теңгені немесе 20,8 %, МБҚ тікелей репо – 0,6 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан азды, ББҚ-мен тікелей репо – 2,4 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан азды, КҚС-мен авторепо – 1,1 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан азды құрады.

2023 жылдың сәуірінің қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 38 б.т.-қа жылдық 17,11 %-дан 16,73 % - ға дейін, TRION индикаторының мәні – 37 б.т.-қа жылдық 17,11 %-дан 16,74 % - ға дейін төмендеді, жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні 10 б. т. жылдық 16,36 %-дан 16,46 % - ға дейін өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Сәуір айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 4,6 трлн теңгені құрады, бұл наурыз айындағы көлемінен 159,1 млрд теңгеге немесе 3,3 % - ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 231,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 22, бір мәміленің орташа көлемі – 10,7 млрд теңгені құрады.

Аспаптық құрылымда валюталық своп нарығындағы жалпы көлемнің 25,8%-ы (1 192,4 млрд теңге немесе 2 639,5 млн USD) АҚШ долларымен бір күндік валюталық своппен операцияларға тура келді, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 71,2 %-ы (3 294,7 млрд теңге немесе 7 301,9 млн USD) АҚШ долларымен екі күндік валюталық своппен операцияларға тура келді, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,5 %-ы (22,3 млрд теңге немесе 50,0 млн USD) АҚШ долларымен үш айлық валюталық своппен операцияларға тура келді, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 2,5 %-ы (115,6 млрд теңге немесе 20,0 млрд RUB) Ресей рублімен екі күндік валюталық своппен операцияларға тура келді.

Сәуір айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 14,19 % құрады, бір айда 131 б.т. төмендеді, екі күндік SWAP-2D (USD) валюталық своптың кірістілігі бір айда 6 б.т. жылдық 15,72 % дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2022 жылдың сәуірінде осы секторда мәмілелер жасалған жоқ. 01 мамырда туынды құралдар нарығындағы сауда саттыққа қатысушылардың ашық позициялары 1 млн фьючерсті құрады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.